

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 мамырда № 4941 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 05.12.2016 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау Комитетінің Шалқар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 16-8/43 ұсынысы негізінде Шалқар ауылдық округ әкімінің міндетін уақытша атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауылдық округінде орналасқан "Ерлат" шаруа қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малы арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Шалқар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Н.Кішкентаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауылдық округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

С. Еден